



БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

«Еуразиялық банк» АҚ 2012 жылдың I жартыжылдығының қызмет қорытындылары туралы

Алматы, 2012 жылғы 17 қыркүйек – «Еуразиялық банк» АҚ ҚЕХС сәйкес аудиттелген шоғырландырылған аралық қысқартылған қаржылық есептілікке сәйкес 2012 жылдың I жартыжылдығындағы қызметінің қорытындыларын ұсынды.

2012 жылдың I жартыжылдығындағы Пайда және шығын туралы есептің негізгі көрсеткіштер қарқыны келесі түрде:

- **Операциялық шығыстардың кірістерге қатынасы (CIR) 2% қысқарып, 57,8% құрады;**
- **Таза пайда 3,5 млрд. теңгені құрады, ол өткен жылдың ұқсас кезеңінен 28,1% артық;**
- **Таза пайыздық кіріс 45,8% артып, 7,6 млрд теңгені құрады;**
- **Таза пайыздық маржа (NIM) ағымдығы жылы 9,1% артып 6,7% құрады;**
- **Провизиялар қалыптастырылғанға дейін операциялық кіріс 46,1% артып, 15,9 млрд теңгені құрады.**

Банктің 2012 жылғы 6 айдағы **таза пайдасы** өткен 2011 жылғы ұқсас көрсеткіштен **1,3 есе артып, 3,5 млрд. теңгені құрады.** Таза пайданың өсуі банктік операциялар кірісінің ұлғаюымен (таза пайыздық кіріс **45,8%** өсті) және шығыстарды үздіксіз оңтайландыру процесімен байланысты.

Банк өз портфелінің сапасын жақсарту және тәуекелдерді басқару жүйесін нығайту жұмыстарын жалғастыруда. Еуразиялық банк бұрынғысынша Қазақстанның банк секторындағы жұмыс істемейтін қарыздар (**NPL**) бойынша ең төмен көрсеткішке ие. Мысалы, 2012 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жұмыс істемейтін қарыздар үлесі (төлем мерзімі **90** күннен артық кешіктірілген жағдайда) жиынтық кредит портфелінің **7,2%** құрады. Бұл ретте қарыздар бойынша ықтимал шығындарды жабу коэффициенті **112,9%** құрады.

Таза пайыздық маржа өткен жылдың ұқсас есептік кезеңімен салыстырғанда **9,1%** артып, өткен алты айда **6,7%** құрады. Бұл Банк бизнесінің негізгі көрсеткіштерінің бірі. **Таза пайыздық маржаның өсуі** несие портфелінің жан-жақты дамуына және бөлшек сегменттің үлесінің ұлғаюына байланысты.

Шығыстардың кірістерге қатынасы (CIR), тиімділіктің негізгі көрсеткіштерінің бірі, **57,8%** құрады. Шығыстарды үздіксіз оңтайландыру – Банк басшылығының негізгі басымдылықтарының бірі.

Активтер жылдың басынан **16,9%** артып, **431,8** млрд теңгені құрады. Банктің кредит портфелі **335,8** млрд теңге деңгейіне дейін ұлғайды, ол 2011 жылғы деректерімен салыстырғанда **19,4%** артық. Бұл көрсеткіштің өсуі Банктің бөлшек сегментінің үздіксіз дамуымен түсіндіріледі.

Банктің **меншік капиталы 29,5%** артып, **41,3** млрд теңгені құрады.

Кредит портфелінің құрылымы 2012 жылғы 1 шілдеде келесі түрде:

- Корпоративтік сегмент – **169,4** млрд теңге (жиынтық несие портфельінің **50,4%**);
- ШОБ – 38,8 млрд теңге (портфельдің **11,6%**);
- Бөлшек сегмент – **127,6** млрд теңге (портфельдің **38%**).

S&P рейтинг агенттігінің Еуразиялық банктің ағымдағы ұзақ мерзімді кредит рейтингін 2012 жылғы тамыз айында **«тұрақты» болжамымен В+ деңгейіне дейін** растау туралы шешімі - Банк бизнесінің табыстылығының растауы болып табылады. Сонымен қатар ағымдағы жылдың шілде айында қазақстандық «KzRating» агенттігі Банктің кредит рейтингін ұлттық шкала бойынша «BBB»-дан «А-»-ке дейін және халықаралық шкала бойынша **«BB-»-тен «BB»-ге** дейін көтерді. Рейтингтер бойынша болжам – **«тұрақты»**.

2012 жылдың I жартыжылдығының қорытындыларына түсініктеме бере келіп, «Еуразиялық банк» АҚ Басқарма төрағасы Майкл Эглтон былай деді: **«Банк бизнес бағыттарының басты бөлшегі бойынша ілгері даму жолында, бұл Банктің нарықтағы мықты бағыт-бағдарын айқындайды»**.

2012 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Банктің белсенді клиенттер қоры **555** мың клиентті құрады.

«Еуразиялық банк» АҚ Баспасөз қызметі
тел. +7 (727) 259 79 00 (3288)
Inna.Dubrovina@eubank.kz
www.eubank.kz